**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 18-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МҚКК
Топ: әр түрлі жастағы «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2, 3, 4
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.12 - 31.12.2025

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н.
Шулембаева Ж.С.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>29.12.2025 | Сейсенбі<br>30.12.2025 | Сәрсенбі<br>31.12.2025 | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесемін, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>**Сөздік қоры:** Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | **«Адал азамат» бағдарламасы «Құндылық-бірлік пен ынтымақтастық»**<br>**«Ынтымақ бұзылмайтын қорған»** - ата-аналармен әңгімелесу.<br>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер**<br>(музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)<br>«Шаттық шеңбер»<br>Ән айтамыз, би билейміз,<br>Біз көңілді баламыз.<br>Шаршауды біз білмейміз,<br>Тақпақ айтып, би билеп.<br>Аяз Атадан сыйлық аламыз.<br>**«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады.**<br>**Әңгімелесу:** "Сәлеметсің бе, Жаңа жыл!" (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеті: Балаларға жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін тереңдету, тіл байлықтарын дамыту, қамқорлық, жанашырлық сезімдерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Сөздік қоры:** жаңа жыл.<br>Апталық тақпақ: **(көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)**<br>Ән айтамыз, би билейміз,<br>Біз көңілді баламыз.<br>Шаршауды біз білмейміз,<br>Тақпақ айтып, би билеп.<br>Аяз Атадан сыйлық аламыз.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында.<br>Міндеті: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға | | | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 18 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту)<br>"Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.<br>тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау<br>**Сөздік қоры:** Рахмет | | | | |
| Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық | Д/О. «Сипаттамасы бойынша тап»<br>Міндеті: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту<br>(қоршаған ортамен танысу - танымдық қызмет) | Д/О. «Түрлі-түсті жолақтар»<br>Міндеті: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру, достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (тіл дамыту -коммуникативтік қызмет) | Д/О. «Ұзын және қысқа»<br>Міндеті: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.<br>(сенсорика, математика негіздері - танымдық қызмет) | | |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Ертегі ғажайыптары» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу.<br>Сөздік қоры: ертегі<br>«Кейіпкерді атап өт» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: сөздік қорды | Дене тәрбиесі<br>«Қарлығаштар» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.<br>Сөздік қоры: аяқ.<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Жаңа жыл келді» ойыны | Сенсорика, математика негіздері<br>«Аққала» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру<br>Сөздік қоры: дөңгелек.<br>«Артық суретті тап» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: «Тең бе?», | | |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байлану.<br>Сөздік қоры: аю, қасқыр, түлкі.<br>«Ертегі кейіпкерлері» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнау.<br>Сөздік қоры: қоян, түлкі.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Шырша шамдары» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды өлшемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры: дөңгелек.<br>«Салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруді жалғастыру.<br>Сөздік қоры: тең.<br>«Тәулік» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Тәулік | (2 жас)<br>Міндеті: Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім+зат есім+етістік) сөздерін дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: шырша.<br>«Шырша шамдарын тап» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізуді жалғастыру.<br>Сөздік қоры: шырша.<br>«Дұрыс көрсет» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: образды бейнелеу үшін мәнерліктің құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану.<br>Сөздік қоры: кейіпкер.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Сыйлықтарды топтастыр» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры: тең.<br>«Шыршаны салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Заттарды | «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруді жалғастыру.<br>Сөздік қоры: аққала.<br>«Аққала қайда тұр?» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>Сөздік қоры: артта, алдында.<br>Дене тәрбиесі<br>«Қимылды орында» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру.<br>Сөздік қоры: жүр, жүгір.<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Сыйлық қандай?» ойыны | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Сөздік қоры: түн<br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>«Көлік құралдары» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.<br>Сөздік қоры: көлік<br>«Досыңа көмектес» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>Сөздік қоры: дос<br>«Қысқы киім» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға | салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>Сөздік қоры: тең емес<br>«Қайда орналасқан?» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>Сөздік қоры: оң, сол. | (2 жас)<br>Міндеті: көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау<br>Сөздік қоры: мереке.<br>«Сенде қандай ойыншық?» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (ойыншықтар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>Сөздік қоры: үлкен<br>«Аяз ата мен Ақшақар» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.<br>Сөздік қоры: сыйлық | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру<br>Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, екінші бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>Міндеті: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.<br>Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) | деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу.<br>Қимылды ойын: «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.)<br>Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру<br>Жаңылтпаштар:<br>Қаңтар айы болды, күн суытты<br>Қалың қар жауды, боран соқты<br>Жапалақтап ақ жауды | қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Сөзben суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»<br>Міндеті: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру<br>Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу.<br>Міндеті: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға. | | |
| Серуеннен оралу | **«Адал азамат» бағдарламасы. «Үнемді тұтыну»**<br>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнталдай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Ертегі оқу. «Қарлығаш пен дәуіт» | | | | |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін кабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)<br>**«Адал азамат» бағдарламасы. Күй күмбірі-** балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау.<br>**(ән тыңдау – шығармышылық әрекеті)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | № 18 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолакшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолынды,<br>Сүртеді жонынды. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзді қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері,<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Шырша»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Дәстүрлі емес әдістерімен суреттер салу<br>Сөздік қоры: шырша.<br>Ойын: «Шырша шамдары»<br>(3 жас)<br>Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Отшашу»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру<br>Сөздік қоры: көк.<br>Ойын: «Мерекелік отшашу»<br>(3 жас)<br>Міндеті: Сурет салу | **«Адал азамат» бағдарламасы: «Қауіпсіздік сабағы»** - Қайшымен жұмыс (балалармен қайшы туралы әңгімелесу).<br><br>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Сыйлық»<br>(2 жас)<br>Міндеті: Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше | | |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар).<br>Сөздік қоры: шырша.<br>Ойын: «Шыршаны безендірейік»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Сөздік қоры: шырша. | кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br>Сөздік қоры: қызыл, сары.<br>Ойын: «Жаңа жыл келді»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.<br>Сөздік қоры: отшашу. | құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры: шырша.<br>Ойын: «Аяз ата сыйлығы»<br>(3 жас)<br>Міндеті: Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>Сөздік қоры: сыйлық.<br>Ойын: «Аяз атаға жазған хатым»<br>(4 жас)<br>Міндеті: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Сөздік қоры: сыйлық | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (тіл дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | 3 жас<br>Кабиева Амина<br>Қанат Дарын<br>Тасболат Ұлан<br>Әлихан Азалия<br>Д/ойын: «Танып ал да, атын ата»<br>Міндеті: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру, сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту<br>(тіл дамыту коммуникативтік қызмет) | 4 жас<br>Гуменяк Милана<br>Жұматай Шах-Керім<br>Д/ойын: «Суреттерді орналастыр»<br>Міндеті: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту<br>(тіл дамыту коммуникативтік қызмет) | 4 жас<br>Савченко Макар<br>Курманбаев Нияр<br>Есен Бекзат<br>Тағар Темірлан<br>Хажбатыров Джохар<br>Гуменяк Милана<br>Айдарбек Болатхан<br>Д/ойын: «Жоғарыда-төменде»<br>Міндеті: жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру – ойын, танымдық қызмет) | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кешкі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспазшын еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Серуенге дайындық №2 | Серуенге қызығушылықты арттыру.<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау<br>«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>(тіл дамыту-коммуникативті қызмет) | | | | |
| Серуен №2 | Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (тіл дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті | | | | |
| | Кешен №18 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы:**<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Арқан тартыс»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге,ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>(дене қозғалысы) | Кешен №18 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы:**<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Асық ату»<br>Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.<br>(дене қозғалысы) | Кешен №18 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы:**<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Тақия тастамақ»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге,ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>(дене қозғалысы) | | |
| Балалардың үйіне қайтуы | **«Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут»**<br>Ата – аналарға балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгіме жүргізу.<br>**Сөздік қоры:** Сау болыңыз, Сау болыңыздар! | | | | |

**Тексерілді:** 29.12.25ж

Сасенова У

AnyScanner

AnyScanner